



Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 360 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 қыркүйекте № 17367 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов _____

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуы және сатуы, қаржы-есеп айырысу орталығының басым шартты тұтынушыға күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясының тиісті үлесін қайта есептеу және қайта бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 тамызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату, қаржы-есеп айырысу орталығының басым шартты тұтынушыға күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясының тиісті үлесін қайта есептеу және қайта бөлу қағидаларында:

94-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Өтінім беруші сатып алу шартына қол қойған соң күнтізбелік 30 күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14915 болып тіркелген) Екінші деңгейдегі банктердің банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына сәйкес ресімделген банк кепілдігін немесе SWIFT жүйесі бойынша шығарылған резервтік аккредитивті беру арқылы ұсынады.

Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитивті Өтінім беруші шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша "B" немесе Fitch бойынша "B-" немесе Moody'sInvestorsService бойынша "B3"-тен төмен болмайтын немесе бас ұйымның (Қазақстан Республикасының резидент банкі акцияларының 50% астамына ие) рейтингі Standard&Poor's бойынша "BBB" немесе Fitch бойынша "BBB" немесе Moody'sInvestorsService бойынша "Baa2" деңгейінен төмен емес Қазақстан Республикасы резидент банктерінен ұсынуы тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерден банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті резидент банктер резидент емес банктердің контр-міндеттемелеріне кепілдеме шығару жолымен растауы тиіс.

Standard & Poor's, "BBB" Fitch "Baa2" бойынша Moody's Investorservice бойынша "BBB"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, Қазақстан Республикасының резидент емес-банктері, тиісті қарсы міндеттемелерді шығарусыз банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив шығаруы мүмкін.";

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив қайтарылуға жатпайтын болуы және оларды сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап алушының (бенефициар) нұсқауы бойынша толық немесе бөлшектеп орындау мүмкіндігін көздеуі тиіс:

күн электр станциялары үшін – 25 (жиырма бес) айдан кем емес;
жел және биогаз станциялары үшін – 37 (отыз жеті) айдан кем емес;
гидроэлектр станциялары үшін – 49 (қырық тоғыз) айдан кем емес.";

101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"101. Сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету осы Қағидалардың 98-тармағымен белгіленген тәртіпте мынадай жағдайларда ұсталып қалады:

1) егер сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 12 ай (күн электр станциялары үшін), 18 ай (жел және биогазды электр станциялары үшін), 24 ай (гидро электр станциялары үшін) өткен соң 6 ай ішінде сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесі ұсынылмаса – сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30% көлемінде;

2) егер Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес бекітілген сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі ұсынылмаса – сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100% көлемінде, ал осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуінің бір бөлігін ұстап қалған жағдайда – сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% көлемінде сатып алу шартына қол қойған күннен бастап мына мерзімдерде:

күн электр станциялары үшін – 24 (жиырма төрт) ай ішінде;
жел және биогаз станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;
гидроэлектр станциялары үшін – 48 (қырық сегіз) ай ішінде.";

103-тармақтың б) тармақшасы алып тасталсын;

106 және 107-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"106. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін Өтініш беруші қаржы-есеп айырысу орталығына мынандай құжаттарды:

1) күн электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде, жел және биогазды электр станциясы үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде, гидро электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде: оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесін;

2) күн электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде, жел және биогаз электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде, гидро электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 48 (қырық сегіз) ай ішінде: Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес бекітілген, оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсынады.

Бұл ретте, егер осы тармақшаның бірінші бөлігімен көзделген мерзімі аяқталуына, ЖЭК объектісінің құрылысы бойынша жалпы жұмыс көлемінен 70% кем емес көлемде ЖЭК объектісі бойынша құрылыс-монтаждау орындау туралы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (тұлғадан) растау ұсынылған жағдайында, көрсетілген мерзімдер күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

3) тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдаланудағы жауапкершілігінің аражігін ажырату актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ЖЭК пайдалану объектісінде кешенді сынақтар басталғанға дейін – оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен Өтініш беруші арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдаланудағы жауапкершілігінің аражігін ажырату актісінің көшірмесін;

4) электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ЖЭК пайдалану объектісінде кешенді сынақтар басталғанға дейін – оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен Өтініш беруші арасында қол қойылған, ЖЭК пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісінің көшірмесін;

5) қаржы-есеп айырысу орталығының сұрау салуы бойынша ЖЭК пайдалану объектісін салу барысы туралы ақпаратты жібереді;

б) сатып алу шартына қол қойған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынады.

107. Сатып алу шарты өз қолданысын мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) осы Қағидалардың 106-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдап алу актісінің көшірмесін ұсыну мерзімін бұзған жағдайда;

2) осы Қағидалардың 106-тармағының б) тармақшасына сәйкес шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда.";

мынадай мазмұндағы 107-1-тармақпен толықтырылсын:

"107-1. Осы Қағидалардың 106-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген жағдайда сатып алудың он бес жылдық мерзімін санау осы Қағидалардың 106-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды беру мерзімі өткеннен кейін келесі күннен басталады.";

109-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"109. Осы Қағидалардың 107-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сатып алу шартына сәйкес ЖЭК пайдалану объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткен соң сатып алу шарты мен тиісті аукциондық баға өз қолданысын тоқтатады.";

мынадай мазмұндағы 110-тармақпен толықтырылсын:

"110. Осы Қағидалардың 106-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мерзімді ұлғайту шарттарын және осы Қағидалардың 107-1-тармағында көзделген он бес жылдық мерзімді есептеу шарты осы шарттарды қамтымайтын аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жасасқан сатып алу шарттарына қолданылады.";

2. "Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 24 қаңтарда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларында:

2-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) бір жақты аукцион – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың сараланған тізімінен бірізді іріктеу жолымен жеңімпаздарды анықтауға бағытталған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру нысаны;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) электр желісіне қосылу нүктесі – энергия өндіруші ұйымның жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін энергия беруші ұйымның электр желісіне физикалық қосу орны;"

мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

"23) белгіленген қуаттың рұқсат етілетін ең аз көлемі – одан төмен болса қатысушы ЖЭК пайдалану бойынша жаңа объекті құрылысының жобасын іске асыра алмайтын белгіленген қуаттың көлемі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ЖЭК пайдалану объектісін салу және пайдалану Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, ЖЭК пайдалану объектісін салу жаңа генерациялау (бұған дейін пайдаланылмаған) қондырғыларын пайдаланып жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өтінім беруші осы Қағидалардың 19-тармағының 1)-5) тармақшаларына сәйкес құжаттарды ұсынған, өтінім беруші мен Ұйымдастырушы арасында шартты жасасқан және Ұйымдастырушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеген кезде Ұйымдастырушы өтінім берушіге аукциондық сауда-саттықтарға қатысушының мәртебесін тағайындайды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қатысушы аукциондық сауда-саттықтар басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушыға деректемелерінің, қатысушының сауда жүйесіне қосыла алатын қызметкерлері тізімінің өзгеруі туралы хабарлайды.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін Қатысушылар құқықтық қабілеттілігі және төлем қабілеттілігі бойынша біліктілік талаптарын мынадай құжаттарды ұсыну арқылы растайды:

- 1) Жарғы көшірмесі;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның тиісті органы шешімінің көшірмесі;
- 4) өкілге сенімхаттар (мүдделерді бірінші басшы жүзеге асырмаған жағдайда);

5) заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат (банк деректемелері, мекенжайы, байланыс телефондары, электронды мекенжайы);

6) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат.

Осы тармақтың 1) – 5) тармақшалары бойынша шетелдік заңды тұлғалар осындай құжаттарды өздері тіркелген ел заңнамасына сәйкес әрбір құжатқа аударманың дұрыстығы немесе аудармашының қол таңбасының түпнұсқасы нотариалды түрде куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасын міндетті түрде қоса бере отырып ұсынады.

Осы тармақтың 6) тармақшасы бойынша шетелдік заңды тұлғалар осы Қағидалардың 4-параграфына сәйкес аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжатты ұсынады.";

26-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ЖЭК пайдалану объектілерін салу жоспарланған жер учаскесі және электр желісіне қосу нүктесі";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) белгіленген қуаттың рұқсат етілетін ең аз көлемі.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10662 болып тіркелген) Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларына сәйкес сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді сатып алу шартына қол қойғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түрінде өтінім берушімен енгізілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығымен тиісті хатты аукциондық сауда-саттықты өткізген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде банкке (банктерге) жолдау арқылы мына жағдайлардың бірі туындаған кезде қайтарылады (босатылады):

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындысына сәйкес аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болып табылмаса;

2) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу шартын жасаса және сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізсе.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізген күннен бастап кемінде 150 (бір жүз елу) күнтізбелік күнге жарамды мерзімге ресімделеді және қайтарып алуға болмайтын болып табылады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ретіндегі банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша "B" немесе Fitch бойынша "B-" немесе Moody's Investors Service бойынша "B3"-тен төмен болмайтын немесе бас ұйымның (Қазақстан Республикасы резидент банкі акцияларының 50% астамына ие) рейтингі Standard&Poor's бойынша "BBB" немесе Fitch бойынша "BBB" немесе Moody's Investors Service бойынша "Baa2" деңгейінен төмен емес Қазақстан Республикасы резидент банктерінен ұсынылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерден банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті резидент банктер резидент емес банктердің контр-міндеттемелеріне кепілдеме шығару жолымен растауы тиіс.

Standard & Poor's, "BBB" Fitch "Baa2" бойынша Moody's Investors Service бойынша "BBB"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, Қазақстан Республикасының резидент емес-банктері, тиісті қарсы міндеттемелерді шығарусыз банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив шығаруы мүмкін.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Ұйымдастырушы мына шарттар орындалған жағдайда бағалар есептеуін жүргізеді:

1) сатуға берілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің белгіленген қуатының жалпы көлемі сұраныс көлемінен кемінде 130% болғанда;

2) сауда жүйесінде тиісті аукциондық сауда-саттыққа қатысуға тіркелген және жіберілген қатысушылардың саны кемінде екеу болғанда.

Жоғарыдағы шарттар орындалмаған жағдайда, Ұйымдастырушы бағалар есептеуін жүргізбейді, сауда-саттық сессиясын аяқтау уақытына дейін сауда-саттықты жабады және сауда-саттықты өткізілмеді деп жариялайды.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Егер жеңімпаздардың алдын ала тізіміндегі сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім сұраныс болса да толығымен қанағаттандырылмайтын болса, онда сауда-саттықты өткізген кезде мынадай шарттар қолданылады:

1) егер сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінің қанағаттандырылған көлемі мәлімделген көлемнің 50% немесе одан жоғары пайызын құраса, онда мұндай аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім сауда-саттықтың қорытындылары бойынша толық көлемде немесе қосылу нүктесінің ең жоғары рұқсат етілетін көлемінің шамасынан аспайтын көлемде қанағаттандырылады. Бұл ретте

уәкілетті орган жариялаған белгіленген қуатты іріктеу көлемі сараланған тізімнен сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қанағаттандырылмаған шамасына (немесе оның бөлігіне) арттырылады;

2) егер сұранысқа ие болған соңғы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімінің қанағаттандырылған көлемі мәлімделген көлемнің 50%-нан төмен болса, онда мұндай аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім белгіленген қуаттың рұқсат етілетін ең аз көлемі туралы талабына тексеріледі.";

1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен, шартты тұтынушылармен және басым шартты тұтынушылармен жасалатын шарттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16241 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде 2018 жылғы 23 қаңтарда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын аукциондық бағалар бойынша сатып алуы шартының үлгілік нысанында:

5) тармақша алып тасталсын;

11-тармақта:

15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) күн электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде, жел және биогазды электр станциясы үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде, гидро электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде: оған қатысты сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесін қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынуға;

16) күн электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде, жел және биогаз электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде, гидро электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 48 (қырық сегіз) ай ішінде: Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес бекітілген, оған қатысты шарт жасалған ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынуға міндетті.

Бұл ретте, егер осы тармақшаның бірінші бөлігімен көзделген мерзімі аяқталуына, ЖЭК объектісінің құрылысы бойынша жалпы жұмыс көлемінен 70% кем емес көлемде ЖЭК объектісі бойынша құрылыс-монтаждау орындау туралы Қазақстан

Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (тұлғадан) растау ұсынылған жағдайында, көрсетілген мерзімдер күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;"

мынадай мазмұндағы 20), 21), 22) және 23) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) Қағидалардың 95-тармағында қойылатын талаптарға сәйкес осы шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде _____ мөлшерінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Сатып алушыға ұсынуға;

21) ЖЭК пайдалану объектісінің құрылысы бойынша жобаны іске асыру мақсатында алынған шетелдік валютасындағы кредиттік міндеттемелер бар болуы туралы ақпаратты жыл сайын 1 қарашадан кешіктірмей беруге;

22) Сатушының бірігуі, банкрот болуы немесе таратылуы туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

23) ЖЭК электр станциясын жаңа генерациялау (бұған дейін пайдаланылмаған) қондырғыларын пайдаланып салуға міндетті.";

12-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Шарттың 11-тармағының 16) тармақшасында көрсетілген мерзімде ЖЭК пайдалану объектісін іске қосқан жағдайда жазбаша өтінішті берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасын немесе оның бөліктерін қайтаруға;"

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Сатып алушының бірігуі, банкрот болуы немесе таратылуы туралы Сатушыны дереу хабардар етуге міндетті.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Егер Сатушы Шарттың 11-тармағының 15) тармақшасына сәйкес ЖЭК пайдалану объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы хабарламаның көшірмесін ұсыну мерзімдерін 6 айдан асырып бұзса, онда Сатып алушы Қағидалардың 98-тармағында белгіленген тәртіпте Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30%-ын ұстап қалады және ол туралы Сатушыға жазбаша хабарлайды.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Шарт және онда көрсетілген аукциондық баға шығарылған электр энергиясы энергия беруші ұйымның электр желісіне берілген электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап он бес жыл өткен соң немесе қайсысы бұрын басталғанына байланысты, Шарттың 11-тармағы 16) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім аяқталғаннан кейін келесі күні өз қолданысын тоқтатады.";

30-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер Сатушы Шарттың қолданылу кезеңінде өндірілетін электр энергияны Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес тұтынушылармен жасалған екіжақты шарттарға сәйкес келіскен бағамен өткізетін болса;"

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қағидалардың 95-тармағына сәйкес Сатушы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну мерзімін бұзған кезде өз қолданысын тоқтатады."

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 360 бұйрығына
қосымша

Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына
1- қосымша
Нысан

Аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі

Сауда-саттық күні	Сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана уақыты)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар тізіліміне енгізу үшін құжаттар қабылдау кезеңі	БЭЖ аймағы	ЖЭК типі	Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт		Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ	Пайдалануға енгізу талап етілетін күн, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт есебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етуі
					шағын 0,1-ден 10 МВт дейін қоса алғанда (0,75 МВт басталатын ЖЭС үшін)	ірілері 10 МВт және одан жоғары			

1-кесте (Резервтелген жер учаскелері туралы ақпарат)

р/с №	Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер ауданы, Га	Жер санаты

2-кесте (Электр желілеріне қосу нүктелері және болжамды қосу саны бойынша барынша рұқсат етілген қуатын көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпарат)

Энергия беруші ұйым	Облыс	Аудан	ЭЖЖ	Кіші станция		Қосылу қуаты бойынша шектеу (белгіленген қуаттың барынша рұқсат етілген көлемі), МВт	Ж а ң а қосылулар саны бойынша шектеу (қосылу)
				Атауы, координаттары	Шиналары		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК